

Ислам бағалы қағаздары шығарылымын мемлекеттік тіркеу, ислам бағалы қағаздарын орналастыру және өтеу қорытындылары туралы есептерді қарау, сондай-ақ ислам бағалы қағаздарына ұлттық сәйкестендіру нөмірлерін беру жөніндегі ережені бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2009 жылғы 27 наурыздағы N 57 Қаулысы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2009 жылғы 6 мамырда Нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеудің тізіліміне N 5669 болып енгізілді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2015 жылғы 19 желтоқсандағы № 251 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 19.12.2015 № 251 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

Р Қ А О - н ы ң е с к е р т п е с і !

Қаулының қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз.

"Бағалы қағаздар рыногы туралы" Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 2 шілдедегі Заңының 3 , 8 , 9 және 32-3-баптарына және "Қаржы рыногы мен қаржылық ұйымдарды мемлекеттік реттеу және қадағалау туралы" Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 4 шілдедегі Заңының 12-бабына сәйкес Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігінің Басқармасы (бұдан әрі – Агенттік) **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Ұсынылып отырған Ислам бағалы қағаздары шығарылымын мемлекеттік тіркеу, ислам бағалы қағаздарын орналастыру және өтеу қорытындылары туралы есептерді қарау, сондай-ақ ислам бағалы қағаздарына ұлттық сәйкестендіру нөмірлерін беру жөніндегі ережесі бекітілсін.

2. Осы қаулы Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелген күннен бастап он төрт күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

3. Бағалы қағаздар рыногының субъектілерін және жинақтаушы зейнетақы қорларын қадағалау департаменті (Хаджиева М.Ж.):

1) Заң департаментімен (Сәрсенова Н.В.) бірлесіп, осы қаулыны Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеу шараларын қолға а л с ы н ;

2) осы қаулы Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде

мемлекеттік тіркелген күннен бастап он күндік мерзімде оны Агенттіктің мүдделі бөлімшелеріне және "Қазақстан қаржыгерлерінің қауымдастығы" Заңды тұлғалар бірлестігіне мәлімет үшін жіберсін.

4. Агенттіктің Төраға Қызметі (Кенже А.А.) осы қаулыны Қазақстан Республикасының бұқаралық ақпарат құралдарында жариялау шараларын қолға а л с ы н .

5. Осы қаулының орындалуын бақылау Агенттік Төрайымының орынбасары А.Ө. Алдамбергенге жүктелсін.

Төрайым

Е. Бахмутова

Қ а з а қ с т а н

Р е с п у б л и к а с ы

Қ а р ж ы

н а р ы ғ ы н

ж ә н е

қ а р ж ы

ұ й ы м д а р ы н

р е т т е у

м е н

қ а д а ғ а л а у

а г е н т т і г і

Б а с қ а р м а с ы н ы ң

2 0 0 9

ж ы л ғ ы

2 7

н а у р ы з д а ғы

№ 57 қаулысымен бекітілген

Ислам бағалы қағаздары шығарылымын мемлекеттік тіркеу, ислам бағалы қағаздарын орналастыру және өтеу қорытындылары туралы есептерді қарау, сондай-ақ ислам бағалы қағаздарына ұлттық сәйкестендіру нөмірлерін беру жөніндегі ереже

Осы Ереже "Бағалы қағаздар рыногы туралы" Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 2 шілдедегі Заңының 3 , 8 , 9 және 32-3 баптарына "Қаржы рыногы мен қаржылық ұйымдарды мемлекеттік реттеу және қадағалау туралы" Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 4 шілдедегі Заңының 12-бабына сәйкес әзірленді және ислам бағалы қағаздары шығарылымын (исламдық жалдау сертификаттарын және исламдық қатысу сертификаттарын) мемлекеттік тіркеу талаптары мен тәртібін, ислам бағалы қағаздарын орналастыру және өтеу қорытындысы жөніндегі есептерді қарауды, сондай-ақ ислам бағалы қағаздарына ұлттық сәйкестендіру нөмірлерін беруді айқындайды.

1-тарау. Ислам бағалы қағаздары шығарылымын мемлекеттік тіркеу

1. Ислам бағалы қағаздары шығарылымын мемлекеттік тіркеу үшін эмитент бағалы қағаздар рыногын реттеу мен қадағалауды жүзеге асыратын мемлекеттік органға (бұдан әрі - уәкілетті орган) мынадай құжаттарды ұсынады:

1) ислам бағалы қағазының түрін көрсете отырып, еркін нысанда жазылған ө т і н і ш т і ;

2) эмитент органының шығарылым тәртібі, орналастыру, ислам бағалы қағаздарын айналысқа түсіру және өтеу, эмитент ислам бағалы қағаздарын орналастыру нәтижесінде алған қаражатты пайдалану, шығарылым көлемі, саны

және ислам бағалы қағаздарының саны, ислам бағалы қағаздарының номиналды құны, ислам бағалы қағаздарының айналыс жасау мерзімі, ислам бағалы қағаздарын ұстаушылардың құқықтары, тіркеуші, сондай-ақ эмитент бағалы қағаздарын ұстаушылардың құқықтарын, тіркеуші, сондай-ақ эмитент қабылдап отырған міндеттемелер (шектеулер) туралы мәмілелері бар ислам бағалы қағаздары шығарылымы жөніндегі шешімінің көшірмесін;

3) исламдық қаржыландыру принциптері жөніндегі кеңеспен келісілген ислам бағалы қағаздары шығарылымының проспекті , екі данада;

4) эмитенттің және оригинатор жарғыларының көшірмелері;

5) Қазақстан Республикасының бағалы қағаздар рыногы туралы заңнамасымен және исламдық қатысу сертификаттарын сатып алу немесе мерзімінен бұрын өтеу жөніндегі міндеттемелерді, сондай-ақ ислам бағалы қағаздары шығарылымы проспектісімен белгіленген жағдайларда эмитенттен мүлік сатып алуды қосқандағы ислам бағалы қағаздары проспектісімен белгіленген міндеттемелерді оригинатордың орындау талаптарын анықтайтын эмитент пен оригинатордың арасында жасалған шарттың көшірмесі;

б) алып тасталды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 16.07.2014 № 109 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-т. қараңыз) қаулысымен;

7) а л ы н ы п т а с т а л д ы

8) бөлінген активтерді құрайтын мүлікті сенімгерлікпен басқару шартының көшірмесі (мүлікті сенімгерлікпен басқаруға берген кезде).

Ескерту. 1-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі Басқармасының 2010.03.29 № 50 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-т. қараңыз), ҚР Ұлттық Банкі басқармасының 26.04.2013 № 110 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 16.07.2014 № 109 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2 - т . қ а р а ң ы з) қ а у л ы л а р ы м е н .

2. Ислам бағалы қағаздары шығарылымы проспектісі осы Ереженің 1-қосымшасына сәйкес нысан бойынша қағаз тасымалдағышта (мемлекеттік және орыс тілдерінде) Acrobat Reader форматында және электронды тасымалдағышта мемлекеттік және орыс тілдерінде (қоғамның қаржылық есебін қоспағанда) екі данада жасалады. Екі дананың әр қайсысында мемлекеттік және орыс тілдеріндегі ислам бағалы қағаздары шығарылымы проспектісі болуы керек.

Ислам бағалы қағаздары шығарылымы проспектісіндегі мәліметтер ислам бағалы қағаздары шығарылымын мемлекеттік тіркеу үшін құжаттарды берер алдындағы соңғы тоқсанның аяғындағы жағдай бойынша қаржылық есеп беруге сай көрсетілетін эмитенттің (осы Ереженің 1-қосымшасының 5-тарауында көрсетілген) қаржылық жай-күйі туралы ақпаратты қоспағанда, уәкілетті органға құжаттарды беру күнінің алдындағы айдың соңғы күні көрсетілуі керек.

3. Мыналар ислам бағалы қағаздары шығарылымы проспектісінің ажырамас бөлігі болып табылады:

1) эмитенттің соңғы екі қаржы жылы үшін аудиторлық есептермен расталған жылдық қаржылық есеп беруі (жаңадан құрылған эмитенттерді қоспағанда) және ислам бағалы қағаздары шығарылымын мемлекеттік тіркеуге берер алдындағы аяққы тоқсанның соңындағы жағдай бойынша қаржылық есеп беру.

Ағымдағы жылдың 1-қаңтарынан 1-маусымына дейінгі кезеңде акционерлік қоғам нысанында құрылған эмитентте соңғы аяқталған қаржы жылы үшін аудит жасалған аудиторлық жылдық қаржылық есеп болмаған жағдайда уәкілетті органға соңғы аяқталған қаржы жылының алдындағы екі жыл үшін аудит жасалған қаржылық есепті ұсынады (аяқталған қаржы жылы үшін аудит жасалған қаржылық есепті қоғам акционерлердің жалпы жиналысы аудит жасалған жылдық қаржылық есепті бекіткен күннен бастап бір ай ішінде ұсынады);

2) оригинатордың соңғы екі қаржы жылы үшін жасалған аудиторлық есептермен расталған жылдық қаржылық есеп беруі (жаңадан құрылған оригинаторларды қоспағанда) және уәкілетті органға құжаттарды берудің алдындағы күнгі соңғы тоқсан үшін оригинатордың қаржылық есеп беруі;

3) ислам бағалы қағаздары эмитентінің және ислам бағалы қағаздары ұстаушыларының өкілі арасында жасалған ислам бағалы қағаздары ұстаушыларының мүдделерін ұсыну жөніндегі шарттың көшірмесі;

4) оригинатордың басқару органымен (бақылау кеңесімен) бекітілген және исламдық қаржыландыру принциптері жөніндегі кеңеспен келісілген жобаның нақты сипаты, болжалданып отырған қаржы ағыны, жобаның әлеуеттік тәуекелдері, қайтымдылық мерзімдері бар инвестициялық жобаның бизнес – жоспары (исламдық қатысу сертификаттары шығарылымын мемлекеттік тіркеу үшін).

4. Ислам бағалы қағаздарын шығару, орналастыру, айналысқа жіберу және өтеу талаптары ислам бағалы қағаздары шығарылымы проспектісімен белгіленеді.

5. Эмитент мемлекеттік тіркеуге беріп отырған ислам бағалы қағаздарының құжаттары Қазақстан Республикасы заңнамасының және осы Ереженің талаптарына сәйкес келген жағдайда:

1) ислам бағалы қағаздары шығарылымын тіркейді және осы Ереженің 2-қосымшасына сәйкес ислам бағалы қағаздары шығарылымының мемлекеттік тіркелгендігі жөнінде эмитентке куәлік береді;

2) эмитентке ислам бағалы қағаздары шығарылымы проспектісінің уәкілетті органның оның мемлекеттік тіркелгендігі жөніндегі белгісі бар бір данасын қайтарады.

6. Ислам бағалы қағаздарының келесі шығарылымы осының алдындағы шығарылымды өтеу аяқталған соң жүзеге асырылады.

2-тарау. Ислам бағалы қағаздары проспектісіне өзгерістер мен толықтырулар енгізу

7. Ислам бағалы қағаздары проспектісіне енгізіліп отырған өзгерістер мен толықтырулар исламдық жалдау сертификаттарының бастапқы тіркелген санының өсу мүмкіндіктерін көздемейді.

8. Эмитент ислам бағалы қағаздары проспектісіне өзгерістер мен толықтырулар енгізу мақсатында уәкілетті органға мыналарды береді:

1) еркін түрде жазылған өтінішті;
2) бірінші басшы, бас бухгалтер қол қойған және эмитенттің мөрімен бекітілген, қағаз тасымалдағышта мемлекеттік және орыс тілдерінде екі данада жасалған ислам бағалы қағаздары шығарылымының проспектісіне өзгерістер мен толықтыруларды. Мемлекеттік және орыс тілдеріндегі екі дананың әр қайсысында ислам бағалы қағаздары шығарылымының проспектісіне енгізілген өзгерістер мен толықтырулар бар;

3) қаржылық есеп берусіз Acrobat Reader форматында электрондық тасымалдағышта оған енгізілетін өзгерістер мен толықтырулары бар (мемлекеттік және орыс тілдерінде) ислам бағалы қағаздары шығарылымының проспектісін ;

4) исламдық қатысу сертификаттары (исламдық қатысу сертификаттары шығарылса) санын өсіру қажеттігі негіздемесі бар ислам бағалы қағаздары шығарылымының проспектісіне өзгерістер мен толықтырулар енгізілген эмитент органы шешімінің көшірмесін;

5) эмитенттің атауы, тұрғылықты жері өзгерген, сондай-ақ исламдық қатысу сертификаттарының саны өскен жағдайда ислам бағалы қағаздары шығарылымын мемлекеттік тіркеу жөніндегі куәліктің түпнұсқасы;

6) ислам бағалы қағаздары шығарылымының проспектісіне өзгерістер мен толықтыруларды енгізу нәтижесінде ислам бағалы қағаздарын ұстаушылардың құқықтары бұзылмайтындығы туралы эмитенттің жазбаша міндеттемесін;

7) эмитенттің (оригинатордың) орналасқан жері өзгерген жағдайда – ж а р ғ ы н ы ң к ө ш і р м е с і .

Ескерту. 8-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Ұлттық Банкі басқармасының 26.04.2013 № 110 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 16.07.2014 № 109 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2 - т . қ а р а ң ы з) қ а у л ы л а р ы м е н .

9. Эмитент ислам бағалы қағаздары шығарылымының проспектісіне

өзгерістер мен толықтыруларды енгізу үшін ұсынған құжаттар Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес келген жағдайда уәкілетті
о р г а н :

1) ислам бағалы қағаздары шығарылымының проспектісіне енгізілетін өзгерістер мен толықтыруларды тіркейді және эмитенттің атауы, тұрғылықты жері өзгерген, сондай-ақ исламдық қатысу сертификаттарының саны өскен жағдайда ислам бағалы қағаздары шығарылымын мемлекеттік тіркеу туралы куәлікті ауыстыруды жүзеге асырады;

2) уәкілетті органның олардың мемлекеттік тіркелгені туралы белгісін қойып, ислам бағалы қағаздары шығарылымының проспектісіне өзгерістер мен толықтырулардың бір данасын эмитентке қайтарады.

10. Уәкілетті орган ислам бағалы қағаздары шығарылымының проспектісіне өзгерістер мен толықтыруларды енгізу үшін эмитент ұсынған құжаттарды осы Ереженің 8-тармағында көрсетілген құжаттарды берген күннен бастап он бес күнтізбелік күн ішінде қарайды.

3-тарау. Ислам бағалы қағаздарын орналастыру және өтеу қорытындылары туралы есептерді қарау

11. Ислам бағалы қағаздарын орналастыру қорытындылары туралы есепті қарау үшін эмитент уәкілетті органға "Бағалы қағаздар рыногы" туралы 2003 жылғы 2 шілдедегі Заңның 24-бабының 1-тармағында белгіленген құжаттарды ұсынады. Ислам бағалы қағаздарын орналастыру қорытындылары туралы есеп осы Ереженің 3-қосымшасына сәйкес нысан бойынша жасалады және қағаз тасымалдағышта екі данада және Acrobat Reader форматында электронды тасымалдағышта (мемлекеттік және орыс тілдерінде) ұсынылады. Бұл ретте екі дананың әр қайсысында мемлекеттік және орыс тілдеріндегі ислам бағалы қағаздарын орналастыру қорытындылары туралы есеп бар.

12. Ислам бағалы қағаздарды орналастыру кезеңі жүйелі алты ай болады.

Орналастырудың бірінші есепті кезеңінің басталу күні ислам бағалы қағаздарын орналастыру проспектісінде белгіленген ислам бағалы қағаздарын орналастыруды бастаған күні болып табылады.

Келесі есепті кезеңнің басталу күні алдыңғы есепті кезеңнің аяқталған күннен кейін келетін күн болып табылады.

Ислам бағалы қағаздарын орналастыруды аяқтау күні эмитенттің жеке шотынан жарияланған бағалы қағаздарды есепке алу үшін эмитенттің ислам бағалы қағаздарын ұстаушылардың тізілім жүйесінде тіркелген тұлғалардың жеке шоттарынан барлық ислам бағалы қағаздарын есептен шығару жөніндегі соңғы операцияны жүргізу күні не ислам бағалы қағаздары шығарылымы

проспектісі белгілеген ислам бағалы қағаздарын орналастыру мерзімінің аяқталған күні болып табылады. V064175

Эмитент ислам бағалы қағаздарын орналастыру қорытындысы туралы есепті орналастырудың есепті кезеңі аяқталғаннан кейін бір ай ішінде ұсынады.

13. Эмитент ислам бағалы қағаздарын өтеу қорытындысы туралы есепті уәкілетті органға қарауға және бекітуге беру үшін мынадай құжаттарды ұсынады :

1) ислам бағалы қағаздарын өтеу қорытындысы туралы есепті қарау ж ө н і н д е г і ө т і н і ш ;

2) есепті айдың аяғындағы немесе ислам бағалы қағаздарын өтеуді аяқтау күнгі жағдай бойынша эмитенттің және оригинатордың қаржылық есеп беруі;

3) осы Ереженің 4-қосымшасымен белгіленген талаптарға сәйкес жасалған және ресімделген ислам бағалы қағаздарын өтеу қорытындысы туралы есеп;

4) эмитенттің ислам бағалы қағаздарын ұстаушылар тізілімін жабу жөніндегі тіркеушінің х а б а р л а м а с ы ;

5) эмитенттің ислам бағалы қағаздарын өтеу жөніндегі өз міндеттемелерін эмитенттің (оригинатордың) орындауын растайтын төлем агентінің немесе эмитенттің (төлем агентімен шарт болмаған жағдайда) хабарламасы.

14. Ислам бағалы қағаздарын өтеу қорытындысы туралы есепті эмитент ислам бағалы қағаздары шығарылымы проспектісі белгілеген өтеу мерзімі аяқталғаннан кейін бір ай ішінде ұсынады.

15. Ислам бағалы қағаздарын өтеу қорытындысы туралы есепті уәкілетті орган құжаттарды уәкілетті органға берген күннен бастап он төрт күнтізбелік күн і ш і н д е қ а р а й д ы .

16. Ислам бағалы қағаздарын орналастыру немесе өтеу қорытындысы туралы есепті қарау үшін эмитент ұсынған құжаттар Қазақстан Республикасы заңнама талаптарына сәйкес келген жағдайда уәкілетті орган:

1) ислам бағалы қағаздарын өтеу қорытындысы туралы есепті бекітеді және эмитентке осы Ереженің 5-қосымшасына сай ислам бағалы қағаздарын орналастыру немесе өтеу қорытындысы туралы есептің бекітілгені туралы х а б а р л а м а ж і б е р е д і ;

2) эмитентке ислам бағалы қағаздарын орналастыру немесе өтеу қорытындысы туралы есептің уәкілетті органның оны бекіткендігі туралы белгісі қойылған бір данасын қайтарады.

17. Егер ислам бағалы қағаздарды орналастырудың есепті кезеңі басталған күнінен бастап алты ай ішінде эмитент бір де бір ислам бағалы қағаздарын орналастырмаса, эмитент уәкілетті органға мыналарды береді:

1) осы кезеңде ислам бағалы қағаздарын орналастыру жүзеге асырылмағаны туралы мәлімет бар жазбаша хабарламаны;

2) ислам бағалы қағаздарын орналастырудың есепті кезеңі аяқталған күнгі жарияланған бағалы қағаздарды есепке алу үшін эмитенттің жеке шотының жай-күйі туралы тіркеуші берген анықтаманың көшірмесі.

4-тарау. Ислам бағалы қағаздарына ұлттық сәйкестендіру нөмірін беру тәртібі

18. Уәкілетті орган болжалданып отырған шығарылым бойынша ислам бағалы қағаздарына ұлттық сәйкестендіру нөмірін беруді эмитенттің құжаттарының осы Ережемен белгіленген ислам бағалы қағаздары шығарылымын мемлекеттік тіркеуге құжаттарды ұсынудың талаптары мен тәртібіне сәйкес келген жағдайында жасалады.

19. Уәкілетті органның жауапты қызметкері:

- 1) осы Ережеге сәйкес ұлттық сәйкестендіру нөмірін ретке келтіреді;
- 2) айналыста бар ислам бағалы қағаздары шығарылымына ұқсас ұлттық сәйкестендіру нөмірлерінің болмауын тексереді;
- 3) ұлттық сәйкестендіру нөмірін береді;
- 4) ұлттық сәйкестендіру нөмірі берілген ислам бағалы қағаздары шығарылымын мемлекеттік тіркеу туралы куәлікті қоса бере отырып, эмитентті ұлттық сәйкестендіру нөмірі берілгендігі туралы жазбаша хабардар етеді.

20. Ислам бағалы қағаздарына ұлттық сәйкестендіру нөмірін беру үшін араб цифрлары мен латын алфавитінің қаріптері ("I" және "O" қаріптерін қоспағанда) жазба (тақырыптық) пайдаланылады.

21. Ұлттық сәйкестендіру нөмірі қандай да бір тыныс белгісімен бөлінбеген қатарынан он екі символдарды (солдан оңға қарай есептегенде) құрайды және мынадай үш бөліктен тұрады:

1) бірінші және екінші позицияларда орналасқан символдар, заңнамаға сәйкес эмитенттің ислам бағалы қағаздары шығарылымын шығарған елдің екі әріпті кодын білдіреді (Қазақстан Республикасы үшін "KZ" коды пайдаланылады);

2) үшінші – он бірінші позицияда орналасқан символдар осы Ереженің 22 - 27 -тармақтарына сәйкес есептелетін бақылаушы цифр болып табылады;

3) он екінші позицияда орналасқан символ осы Ереженің 28-тармағына сәйкес есептелетін бақылаушы цифр болып табылады;

22. Үшінші позицияда орналасқан символ ислам бағалы қағаздарының түрлерін білдіреді (исламдық жалдау сертификаттары үшін "3" символы пайдаланылады, ал исламдық қатысу сертификаттары үшін "4" символы п а й д а л а н ы л а д ы) .

23. Төртінші позицияда орналасқан символ ислам бағалы қағаздары эмитентінің мынадай ұйымдық-құқықтық нысанын білдіреді:

- 1) "С" символы – акционерлік қоғам;
- 2) "Р" символы – жауапкершілігі шектеулі серіктестік.

24. Ислам бағалы қағаздары шығарылымын тіркеу кезінде бесінші позицияда орналасқан символ "0" цифрымен белгіленеді.

25. Алтыншы позицияда орналасқан символ ислам бағалы қағаздарының айналыс мерзімінің мынадай өлшем бірліктерін білдіреді (осы Ереженің 26-тармағына сәйкес белгіленген ерекшеліктерді ескеріп):

- 1) "Ү" символы – жылдарды;
- 2) "М" символы – айларды;
- 3) "W" символы – аптаны;
- 4) "D" символы – күндерді.

26. Жетінші және сегізінші позицияларда орналасқан символдар ислам бағалы қағаздарының тиісті өлшем бірлігіне сай айналыс мерзімін білдіреді.

Егер айналыс мерзімі тиісінше 10 өлшем бірлігінен кем болмаса, жетінші позицияда "0" (ноль) символы көрсетіледі.

Егер айналыс мерзімі өлшем бірлігінің толық емес санын құраған жағдайда, ол төмен тұрған өлшем бірліктеріне ауыстырылады. Бұл ретте айдың ұзақтығы 30 күнге тең деп алынады. Егер осылай аударым жасау қорытындысында ұсақ сан пайда болса немесе 99-дан асатын сан пайда болса, онда өлшем бірлігі өзгермейді, керісінше бүтін санға дөңгелектене салады. Мысалы, 4,5 жыл 54 аймен ауыстырылады ($4,5 \times 12 = 54$), 3,5 ай 4 аймен ауыстырылады ($3,5 \times 30 = 105 > 99$).

Егер, қандай да бір бірліктердегі айналыс мерзімі мейлінше жоғары деңгейдегі өлшем бірлігінің бүтін санын құраған жағдайда, ол жоғарыда аталған өлшем бірлігіне ауыстырылады. Мысалы, 36 ай 3 жылмен ауыстырылады.

Айналыс мерзімі тиісті 99 өлшем бірлігіннен асып кеткен жағдайда, ол жоғарыда аталған өлшем бірлігіне дөңгелектеніп, ауыстырылады. Бұл ретте айдың ұзақтығы 30 күнге тең деп алынады. Мысалы, 180 күн 6 аймен ауыстырылады ($180 : 30 = 6,00$), 115 күн төрт аймен ауыстырылады ($115 : 30 = 3,83$), 110 ай 9 жылмен ауыстырылады ($110 : 12 = 9,17$), 225 күн 8 аймен ауыстырылады ($225 : 30 = 7,5$).

Ислам бағалы қағаздарының мерзімі бойынша өлшем бірліктерін өзгерту кезінде осы тармақтың үшінші–бесінші абзацтарына сәйкес тиісінше алтыншы позицияда орналасқан символ өзгереді.

27. Тоғызыншы, оныншы және он бірінші позицияларда орналасқан символдар Эмиссиялық бағалы қағаздардың мемлекеттік тізіліміне енгізу кезінде берілген ислам бағалы қағаздары шығарылымының нөмірлерін білдіреді.

28. Бақылау цифры былайша есептеледі:

- 1) 1-адым - алғашқы он бір позиция осы Ереженің 21-тармақтың 1)

- тармақшасына және 22 - 27-тармақтарына сәйкес толтырылады;
- 2) 2-адым - позицияларда орналастырылған қаріптік символдар осы Ереженің 6-қосымшасына сәйкес сандармен ауыстырылады;
 - 3) 3-адым - сандық қатардан (оң шеттен басталған) алынған әрбір цифр мынадай коэффициентке көбейтіледі - "2" – тақ позицияларда орналасқан цифрлар үшін, "1" – жұп позицияларда орналасқан цифрлар үшін;
 - 4) 4-адым – 3-адымды орындау нәтижесінде алынған қатардың цифрымен ж и ы н т ы қ т а л а д ы ;
 - 5) 5-адым - 4-адымды орындау нәтижесінде алынған сома "0"-ге аяқталатын болса, онда бақылау цифры "0" болады. Керісінше жағдайда бақылау цифры болып, 4-адымды орындау нәтижесінде алынған сома, осы сомадан асып кететін және он есе барынша төмен есептеу қорытындысы болып табылады.
29. Ислам бағалы қағаздарына ұлттық сәйкестендіру нөмірін беру мысалы осы Ереженің 7-қосымшасында келтірілген.

5-тарау. Қосымша ережелер

30. Уәкілетті орган ислам бағалы қағаздары шығарылымы проспектілері, сондай-ақ уәкілетті органның ресми web-сайтында орналастыру жолымен не мүдделі тұлғалардың сұратуы бойынша орналастыру және өтеу қорытындысы бойынша есептер аясында ұсынылған ақпаратты ашады. Осы Ережеге сәйкес эмитент (оригинатор) уәкілетті органға электронды және қағаз тасымалдағыштармен ұсынған құжаттар мазмұны бір-біріне дәлме-дәл келуі тиіс.

31. Эмитент (оригинатор) уәкілетті органға ұсынған құжаттар көшірмесі бірінші басшының (не оның орнындағы адамның) қолымен және эмитенттің (оригинатордың) мөр бедерімен расталады.

Құжаттардың беттері көп болған жағдайда әрбір парақ не құжат расталады және әрбір парақ не құжат тігіледі және тігілген жиекке және ішінара қағазға желімделіп, қағаз пломбамен бекітіледі. Бірінші басшының (не оның орнындағы адамның) қолы және мөр бедері ішінара қағаз пломбаға, ішінара құжат парағына қ о й ы л у ы т и і с .

32. Осы Ережемен реттелмеген мәселелер Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес белгіленген тәртіппен шешілуі тиіс.

Ислам бағалы қағаздары шығарылымын мемлекеттік тіркеу, ислам бағалы қағаздарын орналастыру және өтеу қорытындылары туралы есептерді

қарау, сондай-ақ ислам бағалы
қағаздарына ұлттық сәйкестендіру
нөмірлерін беру жөніндегі
ережеге 1-қосымша

Ислам бағалы қағаздары шығарылымы проспектісі

1. Ислам бағалы қағаздары шығарылымы проспектісінің бірінші бетінің
п а р а ғ ы н д а :

- 1) құжаттың атауы: "Ислам бағалы қағаздары шығарылымы проспектісі";
- 2) эмитенттің толық және қысқартылған атауы;
- 3) тіркелген ислам бағалы қағаздарының түрі және саны бар;
- 4) исламдық қаржыландыру принциптері жөніндегі кеңеспен проспектіні
келісу күні және исламдық қаржыландыру принциптері жөніндегі кеңестің атауы
ж ө н і н д е г і м ә л і м е т т е р ;

5) "Уәкілетті органның ислам бағалы қағаздары шығарылымын мемлекеттік
тіркеу ислам бағалы қағаздарын сатып алуға қатысты инвесторларға қандай да
болмасын ұсыным беруді білдірмейді. Ислам бағалы қағаздары шығарылымын
мемлекеттік тіркеуді жүзеге асырушы уәкілетті орган осы құжаттағы ақпараттың
шынайылығы үшін жауап бермейді. Ислам бағалы қағаздары шығарылымы
проспектісінің Қазақстан Республикасы заңнама талаптарына сәйкестігі ғана
қаралады. Эмитенттің лауазымды тұлғалары осы проспектідегі ақпараттың
шынайылығы үшін жауап береді және ондағы барлық ақпарат шынайылығын
және эмитентке және оның ислам бағалы қағаздарына қатысты инвесторларды
шатастырмайтындығын растайды" деген жазба. Ислам бағалы қағаздары
шығарылымы проспектісінің мәтіні мыналардан тұрады".

2. Ислам бағалы қағаздары шығарылымы проспектісінің мәтінінде эмитенттің
(оригинатордың) қаржылық жай-күйі мен қызметі туралы мынадай ақпарат бар:

1-тарау. Эмитент және оригинатор туралы жалпы мәліметтер:

1. Э м и т е н т т і ң а т а у ы .

Осы тармақта эмитенттің және оригинатордың толық және қысқаша атауын
к ө р с е т у к е р е к .

Егер эмитенттің және оригинатордың жарғысында оның толық және қысқаша
атауы шет тілінде көзделген болса, онда осындай атауды қосымша көрсету керек.

Эмитенттің және оригинатордың атауы өзгерген жағдайда оның осының
алдындағы атауының толық және қысқарған түрі, сондай-ақ оның өзгертілген
к ү н і к ө р с е т і л у і к е р е к .

Егер эмитент және оригинатор заңды тұлғаның (заңды тұлғалардың) қайта ұйымдастырылуы негізінде құрылған болса, онда қайта ұйымдастырылған заңды тұлғалар мен эмитенттің заңды мұрагерлеріне қатысты мәліметтерді көрсету қ а ж е т .

2. Эмитентті және оригинаторды мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы м ә л і м е т т е р .

Осы тармақта эмитентті және оригинаторды мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы анықтаманың немесе куәліктің күні және нөмірі, сондай-ақ оны мемлекеттік тіркеуді (қайта тіркеуді) жүзеге асырған органның атауы көрсетілуі т и і с .

Ескерту. 2-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық Банкі басқармасының 26.04.2013 № 110 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

3. Эмитенттің және оригинатордың орналасқан жері, байланыс телефондарының және факсының нөмірлері, электрондық почтасының адресі т у р а л ы а қ п а р а т .

4. Эмитенттің және оригинатордың банктік деректемелері.

5. Эмитенттің және оригинатордың қызметінің түрлері.

6. Эмитентке және оригинаторға немесе олар шығарған бағалы қағаздарға халықаралық рейтинг агенттіктері және (немесе) Қазақстан Республикасының рейтинг агенттіктері берген рейтингтердің болуы туралы мәліметтер.

7. Эмитенттің барлық филиалдары мен өкілдіктерінің атауы, тіркелген күні, орналасқан жері және почталық мекен-жайы.

8. Эмитенттің соңғы аяқталған үш қаржы жылына қаржылық есебіне қаржылық есеп беру аудитін жүзеге асыратын аудиторлық ұйымның (фамилиясы , аты, болса аудитордың аты-жөні), олардың тиісті алқалы органға (қауымдастық, палата) қатыстылығы көрсетілген толық ресми атауы.

Проспекті уәкілетті органға ұсыну алдындағы үш жыл ішінде тиісті қызмет көрсету шарттары жасалған заң және қаржылық мәселелер бойынша кеңесшілердің, олардың тиісті алқалы органға (қауымдастық, палата) қатыстылығы көрсетілген толық ресми атауы.

Егер жоғарыда аталған тұлғалардың шарттың бұзуы орын алған жағдайда, оның бастамашысы болған тарап туралы ақпаратты көрсете отырып, шарттың бұзылу себебі туралы ақпарат ұсынылуы тиіс.

9. Эмитенттің корпоративті басқару кодексін қабылдаған күні (оның қабылдануы эмитенттің жарғысында қаралған жағдайда).

2-тарау. Эмитенттің органдары

10. Эмитенттің органдарының құрылымы.

Осы тармақта эмитенттің және оригинатордың органдарының құрылымы және олардың Қазақстан Республикасының заңнамасына, эмитенттің жарғысына және ішкі құжаттарына сәйкес құзыреті көрсетіледі.

11. Эмитенттің директорлар кеңесінің (бақылау кеңесінің) (осындай органдар болған жағдайда) мүшелері.

О с ы т а р м а қ т а :

1) эмитенттің директорлар кеңесі (бақылау кеңесі) мүшелерінің әрқайсының, оның ішінде директорлар кеңесі (бақылау кеңесі) төрағасының фамилиясы, аты, болған жағдайда - әкесінің аты, туған жылы;

2) директорлар кеңесінің тәуелсіз мүшелерінің әрқайсының фамилиясы, аты, болған жағдайда - әкесінің аты;

3) эмитенттің директорлар кеңесінің (бақылау кеңесі) әрбір мүшелерінің соңғы үш жылда атқарған және қазіргі уақытта атқаратын, оның ішінде қоса атқарған қызметтері хронологиялық тәртіппен;

4) эмитенттің және оригинатордың директорлар кеңесінің (бақылау кеңесінің) әрбір мүшелерінің әрқайсының қатысу үлесін көрсете отырып эмитенттің және оның еншілес және тәуелді ұйымдарының жарғылық капиталына (акцияларына/үлесіне) қ а т ы с у ы ;

5) өткен екі жыл ішіндегі директорлар кеңесінің (бақылау кеңесінің) құрамындағы өзгеріс көрсетіледі.

12. Эмитенттің директорлар кеңесінің комитеттері (ондай болған жағдайда).

Осы тармақта эмитенттің және оригинатордың директорлар кеңесі комитетінің (комитеттерінің) атауын, оның (олардың) құзыретін көрсету қажет.

13. Эмитенттің атқарушы органы.

О с ы т а р м а қ т а :

1) эмитенттің жеке дара атқарушы органының функциясын жүзеге асыратын тұлғаның аты-жөні және туған жылы және эмитенттің алқалы атқарушы органы мүшелерінің әрқайсысының аты-жөні және туған жылы;

2) эмитенттің жеке дара атқарушы органының функцияларын жүзеге асыратын тұлғасы не эмитенттің алқалы атқарушы органы мүшелерінің әрқайсының соңғы үш жылда атқарған және қазіргі уақытта атқаратын, оның ішінде қоса атқарған қызметтері хронологиялық тәртіппен;

3) эмитенттің жеке дара атқарушы органының функцияларын жүзеге асыратын тұлғасы не эмитенттің алқалы атқарушы органының әрбір мүшелерінің әрқайсының қатысу үлесін көрсете отырып эмитенттің және ұйымдардың төленген жарғылық капиталына қатысуы көрсетіледі.

14. Директорлар кеңесінің (бақылау кеңесінің) мүшелеріне, эмитенттің атқарушы органының мүшелеріне және эмитенттің басқа басқарушы

тұлғаларына төленетін сыйақылар.

Осы тармақта осы Қосымшаның 11, 12 және 13-тармақтарында көрсетілген тұлғалардың, сондай-ақ эмитенттің басқа басшы қызметкерлерінің ислам бағалы қағаздары шығарылымы туралы шешім қабылданған күннің алдындағы соңғы үш айда алған сыйақысының (ақшалай, бағалы қағаздармен немесе қандай да болмасын басқа нысанда) жалпы мөлшері, сондай-ақ ислам бағалы қағаздары шығарылымын шығару туралы шешім қабылданған күннен бастап соңғы он екі ай ішінде аталған тұлғаларға төленетін сыйақының жоспарланған жалпы мөлшері көрсетіледі.

15. Эмитенттің ұйымдық құрылымы.

Осы тармақта:

- 1) эмитенттің құрылымдық бөлімшелері, филиалдары және өкілдіктері;
- 2) эмитент қызметкерлерінің, оның ішінде эмитенттің филиалдары мен өкілдіктері қызметкерлерінің жалпы саны;
- 3) эмитенттің құрылымдық бөлімшелерінің басшылары туралы мәліметтер көрсетіледі.

3-тарау. Эмитенттің акционерлері (қатысушылары) және аффилиирленген тұлғалары

16. Эмитенттің акционерлері (қатысушылары).

Осы тармақта:

1) эмитент акционерлерінің (қатысушыларының) жалпы саны және (толық және қысқартылған атауы, заңды тұлғаның мекен-жайы не жеке тұлғаның тегі, аты, бар болса – әкесінің аты) эмитент үлестерінің (орналастырылған және дауыс беруші акцияларының) он және одан да көп пайызын иеленген акционерлер (қатысушылар) туралы ақпарат;

2) эмитенттің акционерлері (қатысушылары) болып табылмайтын, бірақ басқа ұйымдар арқылы эмитенттің қызметін бақылау құқығы бар тұлғалар туралы мәліметтер көрсетіледі (толық және қысқартылған атауы, заңды тұлғаның тұрғылықты жері не аты, тегі, бар болса – жеке тұлғаның әкесінің аты).

17. Эмитенттің заңды тұлғаларының толық атауын, орналасқан жерін, оның жарғылық капиталындағы эмитенттің акцияларының (үлестерінің) проценттік қатынасын, қызмет түрін, бірінші басшысының тегін, атын және бар болса әкесінің атын көрсете отырып, оның акцияларының (қатысу үлестердің) он және одан да көп пайызын иеленген заңды тұлғалар туралы мәліметтер.

18. Эмитент қатысатын өндірістік, банктік, қаржылық топтар, холдингтер, концерндер, қауымдастықтар, консорциумдар туралы ақпарат.

19. Эмитенттің басқа да аффилиирленген тұлғалары туралы мәліметтер.

Осы тармақта заңды тұлғаның толық атауын (тегі, аты, бар болса - жеке тұлғаның әкесінің аты), оның орналасқан жері, қызметінің түрін, бар болса бірінші басшысының аты-жөнін көрсете отырып, осы Ереженің 11 , 12 , 13 , 16 және 17-тармақтарына сәйкес көрсетілмеген, бірақ Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес эмитенттің аффилиирленген тұлғалары болып табылатын барлық өзге тұлғалар туралы мәліметтер көрсетіледі.

20. Аффилиирленген тұлғалардың қатысуымен жасалған мәмілелер.

Осы тармақта заңды тұлғаның атауы және оның мекен-жайы және (немесе) тегі, аты, бар болса - жеке тұлғаның әкесінің аты және туған жылы, мәміле жасалған сомасы және осы шешімді эмитенттің қандай органы қабылдаған қорытындысының күндері көрсетіле отырып, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес эмитентке қатысты аффилиирленген болып табылатын ұйымдардың қатысуымен соңғы жылда эмитент жүргізген барлық мәмілелер туралы а қ п а р а т а ш ы л а д ы .

21. Жауапкершілігі шектеулі серіктестік нысанында құрылған эмитент мынадай тұлғалар туралы мәлімет ұсынуы керек:

1) эмитенттің бақылау кеңесінің қатысушысы не мүшесі болып табылатын жеке тұлғамен некеде болуына байланысты жақын туыстығы (ата-анасы, ағасы (інісі), сіңлісі, апасы (қарындасы), қызы немесе ұлы), сондай-ақ жұбайымен туыстығына (ерінің (жұбайының) ағасы (інісі), сіңлісі, апасы (қарындасы), қызы немесе ұлы) байланысты жеке тұлғалар туралы;

2) осы тармақтың 3) - 7) тармақшаларында көрсетілген заңды тұлғаның бақылау кеңесінің мүшелері туралы;

3) эмитенттің бақылау кеңесінің қатысушысы не мүшесі болып табылатын тұлға бақылау жасайтын заңды тұлғалар туралы;

4) ірі қатысушы болып табылатын не мүліктен он және одан артық пайыздық мөлшердегі үлес алуға құқығы бар эмитенттің бақылау кеңесінің қатысушысы не мүшесі болып табылатын тұлғаға қатысты заңды тұлғалар туралы;

5) эмитент ірі акционер болып табылатын немесе мүліктен он және одан артық пайыздық мөлшердегі үлес алуға құқылы болатын заңды тұлғалармен қ а т ы с ы т у р а л ы ;

6) эмитентпен бірге үшінші тұлғаның бақылауында болатын заңды тұлғалар т у р а л ы ;

7) эмитент қабылдайтын шешімдерді шартқа сәйкес анықтайтын эмитентпен байланысқан тұлғалар туралы.

4-тарау. Эмитент қызметінің сипаты

22. Нәтижесінде эмитенттің қызметіне елеулі түрде ықпал ететін эмитентпен жасалған келісім-шарттар, келісімдер туралы мәліметтер.

23. Құжаттың нөмірі мен күні, қолданылу мерзімі және осы құжатты берген орган көрсетілген эмитент қызметін жүзеге асыру үшін алынған патенттер, рұқсаттар туралы мәліметтер.

24. Эмитенттің негізгі қызмет түрлері бойынша сатудың (жұмыстардың, қызмет көрсетудің) кірістілігіне оң және теріс әсер ететін факторлар.

25. Эмитенттің қызметіне әсер ететін негізгі факторлар:

1) егер осы мәміленің (мәмілелердің) сомасы эмитент активтерінің баланстық құнының он пайызынан асқан жағдайдағы, ислам бағалы қағаздарын шығару туралы шешім қабылданған күннен бастап алты ай ішінде жасалуы тиіс (жасалған) немесе орындалуы тиіс (орындалған) мәміле (мәмілелер) туралы мәліметтер ;

2) эмитенттің болашақтағы негізгі міндеттемелері және осы міндеттемелердің эмитенттің қызметіне әсер етуі мүмкін теріс ықпалы ашылады;

3) эмитенттің сот процестеріне оның негізін сипаттай отырып, қатысуы туралы мәліметтер. Эмитенттің қатысуымен өткен, нәтижесінде эмитент қызметінің тоқтатылуы немесе шектелуі, оған маңызды ақшалай және өзге де міндеттемелер берілуі мүмкін сот процестерінің мәніне сипаттама беру керек;

4) уәкілетті мемлекеттік органдар және/немесе соттың санкция қолданылған күнді, санкция қолданған органды, санкция қолдану себептерін, санкцияның түрлерін және мөлшерін, сондай-ақ санкцияның орындалу дәрежесін көрсете отырып, соңғы жыл ішінде эмитентке және оның лауазымды тұлғаларына қолданған барлық әкімшілік санкциялар туралы мәліметтер;

5) ислам бағалы қағаздарын ұстаушылары ұшырауы мүмкін тәуекел факторларына нақты талдауды көрсеткендегі тәуекел факторлары;

6) эмитенттің қызметі туралы басқа да ақпарат.

5-тарау. Қаржылық жай-күй

26. Баланстық құны материалдық емес активтердің жалпы баланстық құнының бес және одан көп пайызын құрайтын материалдық активтердің түрлері .

27. Баланстық құны негізгі құрал-жабдықтың жалпы баланстық құнының бес және одан көп пайызын құрайтын негізгі құрал-жабдықтың түрлері.

28 . И н в е с т и ц и я л а р .

Осы мәселе бойынша ақпарат мынадай құрылымда ұсынылуы тиіс: басқа заңды тұлғалардың капиталына тікелей инвестициялар, ұзақ мерзімді инвестициялар және инвестициялық портфель.

29. Дебиторлық берешек.

Осы тармақта эмитенттің алдында дебиторлық берешектің жалпы сомасының бес және одан көп пайызы мөлшерінде дебиторлық берешегі бар ұйымның атауын көрсете отырып дебиторлық берешектің құрылымы не эмитенттің неғұрлым ірі он дебиторының тізімі ашылады.

30. Осы тармақта эмитенттің жарғылық және меншікті капиталының мөлшері көрсетіледі.

31. Заемдар.

Осы тармақта қолданылып жүрген банктік заемдар және кредиттік желілер, олардың валютасы, сыйақы ставкалары, қамтамасыз ету түрлері туралы ақпарат ашылады. Жақын арадағы он екі ай ішінде өтелетін сомалар тоқсан бойынша бөлінуі тиіс, қалған сомалар жылдар бойынша бөліне отырып ұсынылады.

32. Эмитенттің негізгі қызметін жүзеге асыруға байланысты кредиторлық берешегі.

Осы тармақта эмитент өзінің кредиторлық берешектің жалпы сомасының бес және одан көп пайызы мөлшерінде берешегі бар ұйымның атауын көрсете отырып, кредиторлық берешектің құрылымы не эмитенттің бірінші он неғұрлым ірі кредиторлық тізімі ашылады.

33. Эмитенттің соңғы үш аяқталған қаржы жылы ішінде алған (шеккен) кірістің (шығынның) мөлшері (үш жылдың ішіндегі әр жылдың қорытындысы бойынша бөлігінде).

34. Левередж.

Осы тармақта эмитенттің және оригинатордың левередж шамасы соңғы үш жылдың әр аяқталған қаржы жылының бірінші күнгі, сондай-ақ ислам бағалы қағаздары шығарылымының проспектісін беру алдындағы соңғы тоқсанның аяғындағы жағдай бойынша көрсетіледі.

35. Эмитенттің қаржылық жай-күйінің критерийлері және эмитент пен оригинатор үшін ислам бағалы қағаздары шығарылымын сатып алу міндеттілігіне алып әкелетін басқа да көрсеткіштер.

6-тарау. Тіркелген бағалы қағаздар шығарылымдары туралы мәліметтер

36. Ислам бағалы қағаздары шығарылымы туралы шешім қабылданғанға дейін эмитенттің эмиссиялық бағалы қағаздарының барлық тіркелген шығарылымдарына қатысты былай көрсетіледі:

1) ислам бағалы қағаздарының әрбір шығарылымының саны, түрі және номиналдық құны, әрбір шығарылым бойынша тартылған ақша көлемі, сондай-ақ осы бағалы қағаздар ұстаушыларына төленген өтеу сомасы мен кіріс мөлшерін қосқандағы ислам бағалы қағаздары бойынша өтеу күні және төлемнің

жалпы мөлшері, ислам бағалы қағаздары шығарылымын мемлекеттік тіркеуді жүзеге асырған орган, мемлекеттік тіркеу нөмірі және осы шығарылымды мемлекеттік тіркеу күні;

2) эмитенттің орналастырылған акцияларының жалпы саны, түрі және номиналдық құны, сондай-ақ акцияларды орналастыру кезінде тартылған ақшаның жалпы сомасы, соңғы сатып алынған күнгі бағасы көрсетілген айналыстағы, сатып алынған акциялар саны, акцияны сатып алу әдістемесі бекітілген күн, акциялар шығарылымын мемлекеттік тіркеуді жүзеге асырған орган, осындай шығарылымның мемлекеттік тіркеу нөмірі және мемлекеттік тіркеу күні;

3) егер бағалы қағаздардың қандай да болмасын шығарылымы тоқтатылған немесе жарамсыз болып танылған не күші жойылған жағдайда осындай шешімдерді қабылдаған мемлекеттік орган, оларды қабылдау негіздемелері және күні;

4) ислам бағалы қағаздары бойынша өтеу күндері және төлемдердің жалпы мөлшері;

5) соңғы екі қаржылық жылының әрбір жылындағы немесе нақты жұмыс істеу кезеңіндегі бір акцияға дивидендтердің есептелген сомасын және төленген дивидендтердің сомасын көрсеткендегі дивиденд мөлшері;

6) сауда-саттық ұйымдастырушылардың атауын қоса отырып, эмитенттің бағалы қағаздарымен сауда жүзеге асырылатын негізгі нарықтары.

7-тарау. Ислам бағалы қағаздарын шығару жөніндегі мәліметтер

37. Ислам бағалы қағаздары туралы мәліметтер:

1) Ислам бағалы қағаздарының түрлері;

2) шығарылатын ислам бағалы қағаздарының саны;

3) бір ислам бағалы қағаздарының номиналдық құны;

4) ислам бағалы қағаздары шығарылымының номиналдық құны бойынша жалпы көлемі;

5) ислам бағалы қағаздары бойынша кіріс мөлшерін анықтау тәртібі;

6) ислам бағалы қағаздары бойынша кірісті ислам бағалы қағаздары ұстаушыларына төлем жасау мерзімі және талаптары;

7) резервтік қорды қалыптастыру тәртібі, оның ішінде эмитенттің бөлінген активтері құрамында осы қорды құру және одан әрі қалыптастыруға бағытталған алынған кірістің пайызы, сондай-ақ резервтік қордың қаражатын пайдалану жөніндегі мәліметтер;

8) эмитент пен оригинатор арасындағы инвестициялық жоба бойынша (исламдық қатысу сертификаттарын шығару кезінде) кірісті бөлу және пайыздық

а р а қ а т ы н а с

т ә р т і б і ;

9) сенімгерлік басқарушыға бөлінген актив бойынша (оригинаторға)
төленетін комиссиялық сыйақы мөлшері;

10) қаржыландыру объектісіне қойылатын талаптар (исламдық қатысу
сертификаттарын шығару кезінде);

11) ислам бағалы қағаздарын орналастыру, айналысқа жіберу және өтеу
жөніндегі, мыналарды көрсеткендегі, мәліметтер:

ислам бағалы қағаздарын орналастыру мерзімі (орналастырудың басталу
және аяқталу күні);

ислам бағалы қағаздарын айналысқа жіберу мерзімі (айналысқа жіберудің
басталу және аяқталу күні);

ислам бағалы қағаздарын өтеу күні және талаптары;

ислам бағалы қағаздарын өтеу жасалатын орын (орындар);

ислам бағалы қағаздарын өтеу тәсілдері;

12) ислам бағалы қағаздарына төлем жасау талаптары және тәртібі, есеп
айырысу тәсілдері;

13) оригинатор мен эмитенттің құқықтары мен міндеттері;

14) әрбір ислам бағалы қағазының оның ұстаушысына мынаны көрсете
отырып берген құқығы:

ислам бағалы қағаздарын мерзімінен бұрын өтеу және сатып алу тәртібі (
ислам бағалы қағаздарын сатып алу талаптары, жағдайлары, өтеу және сатып алу
мерзімі) ;

эмитенттің және оригинатордың қызметі, оның ішінде эмитенттің және
оригинатордың ислам бағалы қағаздары ұстаушылары үшін ақпарат жариялап
отыратын бұқаралық ақпарат құралдары туралы ақпаратты қосқандағы
эмитенттің және оригинатордың қаржылық есеп беруі жөнінде ислам бағалы
қағаздары ұстаушыларына ақпарат беру тәртібі;

қаржыландыруға байланысты (ислам қатысу сертификаттарын шығарған
кезде) инвестициялық жобаларды іріктеу кезінде оригинатормен бірлесіп,
шешімдерді қабылдау құқықтарын іске асыру рәсімдері;

ислам бағалы қағаздары бойынша дефолт жариялануы мүмкін жағдай пайда
болған кездегі оқиғалар және бұл жағдайда ислам бағалы қағаздары
ұстаушыларының қандай құқықтары бар;

әрбір ислам бағалы қағаздары бойынша ұстаушыға берілетін өзге де құқықтар
;

15) эмитенттің және оригинатордың ислам бағалы қағаздары бойынша
дефолт болған жағдайда қабылдайтын шаралары, сондай-ақ ислам бағалы
қағаздарын өтеу кезінде міндеттемелерін орындамаған немесе тиісінше
орындамаған кезде ислам бағалы қағаздарын ұстаушылардың құқықтарын қорғау

рәсімдері көрсетіледі;

16) тіркеушінің атауын, оның тұрғылықты жерін, телефон нөмірлерін, шарттың күні және нөмірі көрсете отырып, ислам бағалы қағаздары бойынша құқықтарды есепке алу тәртібі;

17) төлем жасаушы агент жөніндегі мәліметтер (атауы, тұрғылықты жері, телефон нөмірлері, тиісті шарттың күні және нөмірі).

Оның атауы, оның тұрғылықты жері, телефон нөмірлері, тиісті шарттың күні және нөмірі көрсетіледі.

38. Исламдық жалдау сертификаттарын шығару кезінде мыналар көрсетіледі:

қолданыстағы жалдау шарты бұзылған жағдайда жаңа жалдау шартын (қаржы лизингі) жасау талаптары мен мерзімі;

жалдау шарттарын (қаржы лизингі) жасау (бұзу) фактісі туралы исламдық жалдау сертификаттарының ұстаушыларын хабардар ету тәртібі мен мерзімі;

бөлінген активтерді құрайтын (исламдық жалдау сертификаттарын шығару кезінде) мүлікті (қаржы лизингі) жалдау жөніндегі шарт бойынша келіп түскен төлемдерді бөлу тәртібі және мерзімі;

бөлінген активтер құрамына кіретін мүлік және талап ету құқықтары туралы ақпарат, сондай-ақ оларды пайдалану талаптары, тәртібі және мерзімі.

39. Ислам бағалы қағаздарын орналастырудан түскен ақшаны пайдалану.

Ислам бағалы қағаздарын орналастырудан алынған ақшаны инвестициялаудың тәртібі мен талаптары, сондай-ақ алынған ақшаны жоспарлап отырған бөлудегі болуы мүмкін өзгерістер пайда болған кезде, осы өзгерістерді көрсететін талаптар, ислам бағалы қағаздары шығарылымынан және оны орналастырудан алынған қаражат есебінен сатып алынған мүлікке тәуелсіз баға берушінің баға беру тәртібі мен мерзімі көрсетіледі.

40. Бөлінген активтер бойынша уақытша еркін түскен түсімдерді инвестициялау тәртібі.

41. Эмитентті тарату.

Оригинатор эмитентті таратуға құқылы болған кездегі талаптар көрсетіледі.

42. Эмитенттің инвестициялық жобадағы акцияларды (қатысу үлестерін) оригинаторға сенімгерлік басқаруға берген жағдайында осы акцияларды (қатысу үлестерін) беру мерзімі мен тәртібі көрсетіледі.

8-тарау. Ислам бағалы қағаздары ұстаушыларының өкілі туралы ақпарат

43. Ислам бағалы қағаздары ұстаушыларының өкілі туралы мәліметтер:

1) атауы;

2) тұрғылықты орны, байланыс телефоны;

3) ислам бағалы қағаздары ұстаушыларының өкілі атқарушы органының

бірінші басшысының, мүшелерінің тегі, аты, бар болса әкесінің аты;

4) ислам бағалы қағаздары ұстаушыларының өкіліне уәкілетті орган бағалы қағаздар нарығындағы кастодиандық және (немесе) брокерлік және дилерлік қызметті жүзеге асыру үшін берген лицензиясының күні және нөмірі;

5) ислам бағалы қағаздары ұстаушыларына және оның эмитентіне қатысты ислам бағалы қағаздары ұстаушыларының өкілінің құқықтары мен міндеттері;

6) ислам бағалы қағаздары ұстаушыларының және (немесе) эмитенттің өкілге олардың атынан олардың мүдделерін қорғау мақсатында сотқа, уәкілетті органға және өзге мемлекеттік органдарға шағым жасау жөніндегі құқықтарын ұсыну т ә р т і б і ;

7) өкілдің ислам бағалы қағаздары ұстаушылары, сондай-ақ оригинатордың қызметі және оның қаржылық есеп беруі жөніндегі ақпаратты алу тәртібі;

8) өкілдің эмитенттің ислам бағалы қағаздары ұстаушылары алдындағы міндеттемелерін орындау жөніндегі эмитенттің есептерін алу тәртібі мен мерзімі;

9) өкілдің қаржыландыру объектісі туралы құжаттар мен ақпаратты алу т ә р т і б і м е н м е р з і м і ;

10) ислам бағалы қағаздары ұстаушылары өкілінің, сондай-ақ уәкілетті органның қаржыландыру объектісінің ислам бағалы қағаздары шығарылымының талаптарына сәйкес келмеуі туралы хабарламаны беру тәртібі мен мерзімі;

11) өкілдің қаржыландыру объектісінің ислам бағалы қағаздары шығарылымының талаптарына сәйкес келмеуі себептері бойынша ислам бағалы қағаздарын мерзімінен бұрын өтеу туралы талаптарын эмитентке немесе оригинаторға жіберу тәртібі мен мерзімі.

9-тарау. Қосымша ақпарат

44. Ислам бағалы қағаздары айналысындағы шектеулер.

Ислам бағалы қағаздары жасаған айналысындағы кезкелген шектеулер, орналастырылатын ислам бағалы қағаздарының ықтимал сатып алушыларына қатысты шектеулер, оның ішінде арасында ислам бағалы қағаздарын орналастыру жоспарланып отырған тұлғалар тобы көрсетіледі.

45. Ислам бағалы қағаздары шығарылымына кеткен шығындардың сомасы және осы шығындар қандай тәсілмен төленгендігі (төленетіндігі) туралы м ә л і м е т т е р .

46. Инвесторлар эмитент жарғысының көшірмесімен, ислам бағалы қағаздары шығарылымның проспектісімен, ислам бағалы қағаздарын орналастыру жиынтығы туралы есеппен таныса алатын орындар туралы эмитент қызметі туралы ақпарат жариялау үшін пайдаланатын бұқаралық ақпарат құралдарында

о р н а л а с т ы р у .

Ислам бағалы қағаздары шығарылымының проспектісіне эмитенттің бірінші басшысы, бас бухгалтері немесе олардың орнындағы адамдардың қолы қойылады және эмитент мөрінің таңбасымен куәландырылады. Проспектісінің әрбір данасы осы Ереженің 3-тармағында көрсетілген құжаттармен бірге тігіледі және тігістің түйініне және жартылай параққа желімделген қағаз пломбамен бекітіледі. Мөрдің таңбасы жартылай қағаз пломбаға, жартылай құжаттың парағына басылуы және бірінші басшысының немесе оның орнындағы адамның қолымен куәландырылуы тиіс.

Ислам бағалы қағаздары шығарылымын мемлекеттік тіркеу, ислам бағалы қағаздарын орналастыру және өтеу қорытындылары туралы есептерді қарау, сондай-ақ ислам бағалы қағаздарына ұлттық сәйкестендіру нөмірлерін беру жөніндегі ережеге 2-қосымша
Нысан

Бағалы қағаздар шығарылымын мемлекеттік тіркеу туралы куәлік

Ескерту. 2-қосымша жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 16.07.2014 № 109 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-т. қараңыз) қаулысымен.

Алматы қаласы 20 ___ жылғы «___» _____ № _____

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі _____

(тіркеуші органның атауы, тіркеу нөмірі және күні)
тіркелген _____

(эмитенттің атауы және мекенжайы)

(ислам бағалы қағаздарының түрі көрсетіледі)
шығарылымды мемлекеттік тіркеуге алды
Ш ы ғ а р ы л ы м

(ислам бағалы қағаздары саны цифрмен және жазбаша)
б ө л і н д і ә р і о л а р ғ а

ұлттық сәйкестендіру нөмірі берілді.

Бір _____
(ислам бағалы қағаздарының түрі және құны цифрмен және жазбаша)
номиналдық құны _____ теңге.

Шығарылымының көлемі _____
(ислам бағалы қағаздарының түрі көрсетіледі) _____

_____ теңге бола (шығарылатын
ислам бағалы қағаздарының жиынтық
номиналдық құны цифрмен және жазбаша)

Шығарылым _____ нөмірімен
эмиссиялық бағалы қағаздардың мемлекеттік тізіліміне енгізілді. Шығарылым
туралы қосымша ақпарат: _____

Куәлікке қол қойған адамның тегі, аты, бар болса әкесінің
аты және лауазымы, қолы, мөрі

Ислам бағалы қағаздары
шығарылымын мемлекеттік тіркеу,
ислам бағалы қағаздарын
орналастыру және өтеу
қорытындылары туралы есептерді
қарау, сондай-ақ ислам бағалы
қағаздарына ұлттық сәйкестендіру
нөмірлерін беру жөніндегі
ережеге 3-қосымша

Ислам бағалы қағаздарын орналастыру

қорытындылары туралы

ЕСЕП

1. Эмитенттің атауы.

2. Эмитентті мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы мәліметтер.

Осы тармақта эмитентті мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы анықтаманың немесе куәліктің күні және нөмірі, сондай-ақ оны мемлекеттік тіркеуді (қайта тіркеуді) жүзеге асырған органның атауы көрсетілуі тиіс.

Ескерту. 2-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық Банкі басқармасының 26.04.2013 № 110 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

3. Эмитенттің орналасқан жері.

4. Ислам бағалы қағаздары шығарылымын мемлекеттік тіркеу күні және

н ө м і р і .

5. Ислам бағалы қағаздары туралы мәліметтер: жалпы саны, түрі, номиналдық құны ;

6. Ислам бағалы қағаздарын орналастыру туралы мәліметтер:

1) Ислам бағалы қағаздарын орналастыру қорытындылары туралы алдыңғы есепті (есептерді) бекіту күні;

2) есеп ұсынылатын кезеңдегі орналастырудың басталу және аяқталу күні;

3) айналыс кезеңінің басталу және аяқталу күні;

4) ұйымдаспаған бағалы қағаздар рыногындағы жазу және аукциондық жолмен орналастырылған ислам бағалы қағаздарының саны және тартылған ақша сомасы. Ислам бағалы қағаздарын аукцион өткізу жолымен орналастырған жағдайда олардың өткен күнін және аукциондағы ең жоғарғы сату бағасын көрсету керек ;

5) бағалы қағаздардың ұйымдастырылған рыногында ислам бағалы қағаздарын орналастыру туралы ақпарат (сауда-саттықты ұйымдастырушылар тізімінің санаты, ислам бағалы қағаздарын орналастыру аяқталған күнге ислам бағалы қағаздарының рыноктық құны, сауда-саттықтағы ең жоғарғы баға және бірінші және соңғы сауда-саттық күні орналастырылған акциялардың саны және тартылған ақша сомасы) ;

6) есепті кезеңдегі орналастырылған ислам бағалы қағаздарының саны және олардың айналысқа түскен күнінен бастап осының алдында орналастырылған барлық ислам бағалы қағаздарын ескеріп;

7) есепті кезең аяқталған күнге сатып алынған ислам бағалы қағаздарының саны, сатып алу жөнінде шешім қабылданған күн, сондай-ақ эмитент оларды сатып алған кезде келген шығындар;

8) ислам бағалы қағаздарын шығару андеррайтерлері (эмиссиялық консорциумдар) туралы ақпарат. Осы тармақта мынадай ақпаратты көрсету керек :

бағалы қағаздар рыногының кәсіби қатысушысының атауы, эмитентпен жасалған андеррайтер қызметін көрсету жөніндегі шарттың күні мен нөмірі, сондай-ақ эмиссиялық консорциум қатысушылары туралы;

андеррайтерлерге немесе орналастырушы басқа қатысушыларға, орналастырудың жалпы көлемінің процентке шаққандағы, әрбір орналастырылған ислам бағалы қағаздарының дисконты және комиссиясы көлемінде өкілдерге төленген (төленуі тиіс) дисконт және комиссия және шығыстар туралы басқа да мәліметтер;

андеррайтерлерді тартпай орналастырылған ислам бағалы қағаздарының саны туралы ;

9) меншік иелерінің санаттары бойынша ислам бағалы қағаздарының меншік

иелерінің саны туралы мәліметтер:

жоғарыда аталған әр санаттағы тұлғалардың меншігіне жататын ислам бағалы қағаздарының санын көрсеткен зейнетақы қорлары, сақтандыру компаниялары, екінші деңгейдегі банктер, банктік емес ұйымдар, брокер-дилерлер және басқалар;

10) орналастырылмаған ислам бағалы қағаздарының саны;

11) тиісті шарттарды жасау күні мен нөмірі көрсетілген оригинатордың атауы мен орналасқан жері;

12) есепті кезеңнің аяқталу күніне уақытша бос ақшаны инвестициялаудан алынған ақша сомасы.

7. Тіркеуші туралы мәліметтер.

Тіркеушінің атауы және орналасқан жері, шарт жасалған күн және нөмірі.

8. Баспасөз басылымының атауы және ислам бағалы қағаздары шығарылымы туралы ақпараттық хабар жарияланған күн.

9. Ислам бағалы қағаздары бойынша кіріс төлеу туралы мәліметтер:

1) есепті кезең ішінде ислам бағалы қағаздары ұстаушыларына төленген кіріс мөлшері;

2) ислам бағалы қағаздары ұстаушыларына ислам бағалы қағаздары бойынша кірістің кезеңділігі және мерзімі;

3) ислам бағалы қағаздары бойынша кіріс төлеу кезіндегі есеп айырысу тәртібі (есеп айырысу нысаны: қолма-қол, аударым жасау арқылы);

4) есепті кезең ішінде ислам бағалы қағаздарын орналастырудан алынған мүлік бойынша алынған кірістің жалпы сомасы;

5) эмитенттің бөлінген активтері құрамында резервтік қорды құру және одан әрі қалыптастыруға бағытталған ақша сомасы, сондай-ақ есепті кезеңдегі резервтік қордың қаражатын пайдалану жөніндегі мәліметтер;

6) есепті кезең ішінде бөлінген активтерді сенімгерлік басқарушыға (оригинаторға) төленген комиссиялық сыйақы мөлшері;

7) есепті кезең ішінде (эмитент және оригинатор үшін жеке көрсетіледі) эмитент пен оригинатор инвестициялық жоба бойынша (исламдық қатысу сертификаттарын шығару кезінде) алған ақша сомасы.

Есепке эмитенттің бірінші басшысы, бас бухгалтері немесе олардың орнындағы адамдар қол қояды және эмитенттің мөрінің таңбасымен куәландырылады. Есептің әрбір данасы есепті айдың соңындағы жағдай бойынша немесе ислам бағалы қағаздарды орналастыру аяқталған күнгі қаржылық есеп берумен және орналастырылған ислам бағалы қағаздарының саны туралы меншік иелерінің санаты бойынша бөлігінде тіркеуші берген анықтаманың көшірмесімен бірге тігіледі, тігістің түйініне және жартылай параққа желімделген қағаз пломбамен бекітіледі. Мөрдің таңбасы жартылай

қағаз пломбаға, жартылай құжаттың парағына басылуы және бірінші басшысының немесе оның орнындағы адамның қолымен куәландырылуы тиіс.

Ислам бағалы қағаздары шығарылымын мемлекеттік тіркеу, ислам бағалы қағаздарын орналастыру және өтеу қорытындылары туралы есептерді қарау, сондай-ақ ислам бағалы қағаздарына ұлттық сәйкестендіру нөмірлерін беру жөніндегі ережеге 4-қосымша

Ислам бағалы қағаздарын өтеу қорытындылары туралы ЕСЕП

1. Эмитенттің және оригинатордың атауы.

2. Эмитентті және оригинаторды мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы мәліметтер.

Осы тармақта эмитентті және оригинаторды мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы анықтаманың немесе куәліктің күні және нөмірі, сондай-ақ оны мемлекеттік тіркеуді (қайта тіркеуді) жүзеге асырған органның атауы көрсетіледі.

Ескерту. 2-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық Банкі басқармасының 26.04.2013 № 110 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

3. Эмитенттің және оригинатордың орналасқан жері.

4. Ислам бағалы қағаздары шығарылымы мемлекеттік тіркелген күн және шығарылым нөмірі.

5. Ислам бағалы қағаздары шығарылымын орналастыру қорытындылары туралы есеп (есептер) бекітілген күн.

6. Ислам бағалы қағаздарын өтеу туралы мәліметтер:

1) ислам бағалы қағаздары өтелген күн;

2) оригинатордың эмитентке мерзімінен бұрын өтеудің негіздемелерін және ислам бағалы қағаздары өтеу үшін аударған ақша сомасын көрсетіп, мерзімінен бұрын өтелген ислам бағалы қағаздарының саны туралы мәліметтер;

3) мерзімінен бұрын өтелген ислам бағалы қағаздарын өтеу үшін резервтік қордан қамтылған ақша сомасы.

7. Ислам бағалы қағаздары бойынша төленген кірістің жиынтық мөлшері және өтеу сомасы. Осы тармақта есеп толығымен келтіріледі.

Ислам бағалы қағаздарын өтеу қорытындысы туралы есеп есепті айдың соңындағы жағдай бойынша немесе ислам бағалы қағаздарын өтеу аяқталған күнгі эмитенттің және оригинатордың қаржылық есеп берумен қоса тігіледі, оған бірінші басшы, бас бухгалтер, не олардың орындарындағы адамдар, ислам бағалы қағаздарын ұстаушылар өкілі атынан уәкілетті тұлға қол қояды және эмитенттің мөрінің бедерімен расталады.

Ислам бағалы қағаздары шығарылымын мемлекеттік тіркеу, ислам бағалы қағаздарын орналастыру және өтеу қорытындылары туралы есептерді қарау, сондай-ақ ислам бағалы қағаздарына ұлттық сәйкестендіру нөмірлерін беру жөніндегі ережеге 5-қосымша

Нысан

Ислам бағалы қағаздарын орналастыру (өтеу) қорытындылары туралы есепті бекіту жөніндегі хабарлама

Ескерту. 5-қосымша жаңа редакцияда - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 16.07.2014 № 109 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-т. қараңыз) қаулысымен.

Алматы қаласы 20 ___ жылғы « ___ » _____ № _____

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі

(тіркеуші органның атауы, тіркеу нөмірі және күні)
т і р к е л г е н

(эмитенттің атауы және мекенжайы)

(ислам бағалы қағаздарының түрі көрсетіледі)
Орналастыру (өтеу) қорытындылары туралы есепті бекітті
Шығарылым _____ нөмірімен
эмиссиялық бағалы қағаздардың мемлекеттік тізіліміне енгізілді.
Шығарылымның _____

(ислам бағалы қағаздарының түрі, саны цифрмен және жазбаша)
номиналдық құны _____ теңгеде бөлінді.
_____ жағдай бойынша

орналастырылғандары (өтелгендері) _____

орналастырылмағандары _____

Шығарылым туралы қосымша ақпарат: _____

Хабарламаға қол қойған адамның тегі, аты, бар болса әкесінің аты және атқаратын лауазымы, қолы, мөрі

Ислам бағалы қағаздары
шығарылымын мемлекеттік тіркеу,
ислам бағалы қағаздарын
орналастыру және өтеу
қорытындылары туралы есептерді
қарау, сондай-ақ ислам бағалы
қағаздарына ұлттық сәйкестендіру
нөмірлерін беру жөніндегі
ережеге 6-қосымша

Қаріптік белгілерді сандарға ауыстыру кестесі

A	10	F	15	L	20	R	25	W	30
B	11	G	16	M	21	S	26	X	31
C	12	H	17	N	22	T	27	Y	32
D	13	J	18	P	23	U	28	Z	33
E	14	K	19	Q	24	V	29		

Ислам бағалы қағаздары
шығарылымын мемлекеттік тіркеу,
ислам бағалы қағаздарын
орналастыру және өтеу
қорытындылары туралы есептерді
қарау, сондай-ақ ислам бағалы
қағаздарына ұлттық сәйкестендіру
нөмірлерін беру жөніндегі
ережеге 7-қосымша

Ислам бағалы қағаздарына ұлттық сәйкестендіру нөмірін берудің мысалдары

Берілді (мысалдың талабы):

Акционерлік қоғам исламдық жалдау сертификаттары шығарылымын 4,5 жыл айналыс мерзімімен жүзеге асырады. Ислам бағалы қағаздарының осы

шығарылымы А58 нөмірімен эмиссиялық бағалы қағаздардың мемлекеттік тізіліміне енгізілген.

1-адым:

Позициялар нөмірі	Белгілер	Түсіндірулер
1–2	KZ	Эмитент елінің таңбалануы (осы Ереженің 21-тармағының 1) тармақшасы)
3	3	Ислам бағалы қағаздары түрінің таңбалануы (осы Ереженің 22-тармағы)
4	C	Эмитент ұйымдық-құқықтық нысанының таңбалануы (осы Ереженің 23-тармағы және мысал талабы)
5	0	Ислам бағалы қағаздары шығарылымын тіркеу кезінде бесінші позицияда орналасқан белгі "0" цифрымен таңбалады (осы Ереженің 24-тармағы және мысал талабы)
6	M	Айналыс мерзімі өлшем бірлігін таңбалау: осы шығарылымдағы ислам бағалы қағаздарының айналыс мерзімі жылдармен (4,5 жыл). Бірақ осы мерзім толық емес жыл санын беретіндіктен, ол төменде тұрған өлшем бірлігі – айларға ауыстырылады ($4,5 \times 12 = 54$). Аударым жасау кезінде 99-дан аспайтын біршама сан пайда болғандықтан, өлшем бірлігін өзгертуге тура келеді (осы Ереженің 25 және 26-тармақтары және мысал талабы)
7-8	54	Ислам бағалы қағаздары айналыс мерзімін таңбалау (осы Ереженің 26-тармағы және мысал талабы)
9-11	A58	Ислам бағалы қағаздары шығарылымының нөмірін таңбалау (осы Ереженің 27-тармағы және мысал талабы)

Нәтижесінде ислам бағалы қағаздарының ұлттық сәйкестендіру нөмірі (он екінші позициядағы бақылау цифрынсыз) былайша көрініс береді:

K	Z	3	C	0	M	5	4	A	5	8
---	---	---	---	---	---	---	---	---	---	---

2-адым:

Осы Ереженің 6-қосымшасына сәйкес қаріптік белгілерді сандармен ауыстыру:

1	9	3	3	3	1	2	0	2	1	5	4	1	0	5	8
---	---	---	---	---	---	---	---	---	---	---	---	---	---	---	---

3-адым:

Сандық қатардан алынған цифрды көбейту (оның оң қанатынан бастап) мына коэффициентке "2" – тақ позициялардағы цифрлар үшін, "1" – жұп позициялардағы цифрлар үшін:

Сандық қатар (3-адымның орындалу нәтижесі):

1	9	3	3	3	1	2	0	2	1	5	4	1	0	5	8
---	---	---	---	---	---	---	---	---	---	---	---	---	---	---	---

Көбейту коэффициенттері:

1	2	1	2	1	2	1	2	1	2	1	2	1	2	1	2
---	---	---	---	---	---	---	---	---	---	---	---	---	---	---	---

Көбейту нәтижесі:

1	1	8	3	6	3	2	2	0	2	2	5	8	1	0	5	1	6
---	---	---	---	---	---	---	---	---	---	---	---	---	---	---	---	---	---

4-адым:

3-адымды орындау нәтижесінде алынған қатардың цифрын жинақтау:

$$1 + 1 + 8 + 3 + 6 + 3 + 2 + 2 + 0 + 2 + 2 + 5 + 8 + 1 + 0 + 5 + 1 + 6 = 56$$

5-адым:

4-адымды орындау нәтижесінде алынған сома "0"-ге аяқталмайтындықтан осы сомадан асатын сан анықталады және он еседен кем болып табылады. 56 сомасы үшін бұл сан 60. Тиісінше бақылау цифры 4 (60 – 56) тең.

Осы ислам бағалы қағаздары шығарылымның толық ұлттық сәйкестендіру нөмірі мынаған тең:

К	2	3	С	0	М	5	4	А	5	8	4
---	---	---	---	---	---	---	---	---	---	---	---